Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынас — баланың тұлға болып қалыптасуы мен үлгеріміне тікелей әсер ететін маңызды фактор. Дегенмен, қазіргі таңда бұл екі санаттың арасында түсініспеушіліктер жиі кездеседі. Отбасы баланы оқыту мен тәрбиені де мектепке жүктеп қойса, мектеп өз міндетін «тек оқыту» деп түсініп, ал баланы «өздерің тәрбиелеңдер» деп отбасына сілтейді. Нәтижесінде мектеп тек тоқсан соңындағы жиналыстарда немесе баланың тәртібі бұзылғанда ғана отбасымен байланысқа шығады. Мұғалімдер көбіне ата-анаға тек «анау керек, мынау керек» деген сияқты талаптар мен ескертулермен шектеліп жатса, ата-ана «міндетім - баланы киіндіріп-ішіндіру, қалғанын мектеп істеу керек» деген сияқты бала тәрбиесін бір-біріне сілтеу отбасы мен мектепті бір-бірінен алшақтата түседі. Бұл жерде екі тараптың бір-біріне деген субъективті көзқарасы дәл қазіргі кезде белең ала түсуде. Бәрі отбасына байланысты деп баланың кез келген сәтсіздігін мектеп ата-анаға сілтесе, ата-ана да мұғалім беделін сақтауға тырысқанның орнына баласына ұстаздың кемшілігін бадырайтып айтып отырады. Бұл ата-ана мен педагогтардың мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Осыдан барып түрлі кикілжіңдер туындап, ата-ана мен мектеп соттасуға дейін баратын жағдайлар да кездесіп қалады.

Отбасы – бұл бала өмір сүретін, жаңалық ашатын, сүюге, қуануға, жанашырлыққа үйренетін біртұтас әлем. Кез-келген адам өзінің отбасынан бастау алады. Баланың қандай болуы ата-анасының берген тәрбиесіне байланысты. Ата-ананың бала бойына сіңірген құндылықтары, баланың болашақтағы әрекеттерінде көрініс табады.

Отбасылық тәрбиенің адам өміріндегі рөлін бағаламауға болмайды. Отбасында бала әлемді тани бастайды. Ол ата-анасының мінез-құлқына қарап, оны қайталауға тырысады. Бала «жақсы» мен «жаман» ұғымдарын ата-анасының осы ұғымдарды пайымдауына сүйене отырып түсінеді.

Отбасы - оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы тәрбиесі - бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Үкімет отбасына үнемі қамқорлық жасауда. Қамқорлықтың түрлері: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерьлерінің, жас натуралистер станцияларының, ғылыми-техникалық және көркем шығармашылық үйірмелерінің жұмысын кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу, отбасы мүшелерінің демалуы үшін санаторияларды, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту; аналар жағдайын еске алып, әйелдердің халық шаруашылығына қатысуын үйлестіру. Осы мәселелер бойынша облыс орталығының «Ынтымақ» ауылындағы № 30 орта мектепте 29 қыркүйек күні ерекше семинар өтті.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАН – НӘТИЖЕГЕ

Мектеп алдындағы алаңқайға - осындай сөздер жазылған үлкен билборд ілінген. Бұл осы №30 орта мектеп базасында өтетін ұстаздардың облыстық семинар тақырыбы. Іс-шараның негізгі идеясы - отбасы, мектеп және қоғамның біртұтас тәрбиелік кеңістігін көрсету арқылы «Адал азамат» қалыптастырудың нақты мектептік тәжірибесін ұсыну. Семинарды ұйымдастырушылар мектеп алдына екі шатыр тігіп, мектеп ауласын безендіріп, шақырылған қонақтарды қақпадан мектеп табалдырығына дейін оқушылар салтанатпен қарсы алды.



Семинарға өңірдегі аудандардан және қала мектептерінің директорлары, директордың тәрбие саласы бойынша орынбасарлары қатысты.Сонымен қатар Жетісу облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Солтанбеков Әли Солтанбекұлы, Жетісу облысы білім басқармасының «Тәрбие жұмысы қосымша білім беру, қамқоршылық және қорғаншылық бөлімінің» басшысы - Меруерт Шайласқызы, қалалық білім бөлімінің бас маманы Ұлжанат Әуелханова, Талдықорған қаласы қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің аға прокуроры Ақжол Саматұлы, Талдықорған қаласы әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Сағымбеков Ілияс Бижанұлы, облыстық «Әділет» партиясы басшысының орынбасары Досмұхамедов Асхат Седенұлы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Малтаев Руслан Ырысбекұлы қатысты.



Мектеп қақпасына енген қонақтарды мектеп мұғалімдерінен құрылған домбыра ансамблінің сазды әуені қарсы алды. Одан әрі қатар түзеп тұрған ауыл ақсақалдарына қонақтар жақын келіп сәлемдесті. Ауылдың ақсақалы Мұқтар Орынбаев бата берді.

Қонақтар мектепке кірген сәттен бастап бірнеше тәрбиелік бекеттен өтеді. Әр бекетте «Адал азамат - біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі құндылықтарының бірі нақты отбасы үлгісі, оқушы әрекеті, ата-ана өнегесі, мұғалім еңбегі, ұлттық



өнер, еңбек, мамандық, құқықтық мәдениет, экология, кітап оқу және шығармашылық арқылы ашылады.

Маршруттың негізгі тәрбиелік желісі:

ОТБАСЫ → МЕКТЕП → ҚҰНДЫЛЫҚ → ӘРЕКЕТ → АДАЛ АЗАМАТ МАҚСАТЫ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарын отбасы мен мектептің бірлескен тәрбиелік тәжірибесі арқылы өзара ынтымақтастықты нығайту.

Мектеп дәлізінде «Құндылықтар әлеміне қош келдіңіздер» атты жалынды сөз ілінген

Мектептің кең дәлізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында ҚР рәміздерін көрсете отырып, "Отанды сүю от басынан басталатынын, сондықтан оқушы балаларды үйде де, мектепте де елжандылық сезімін оята жүріп тәрбиелейміз", – деді ұйымдастырушылар. Сол сияқты әр түрлі ұлттар киімін киген оқушылар Қазақстанның көпұлтты мемлекет екендігін бейнелеп, әр ұлт тілінде сөйлеп, қолдарын біріктіре ұстап, ұлттар бірлігін көрсете алды. Одан әрі арнайы қойылған қондырғымен жаңа технологияны меңгеру, соның ішінде жасанды интелектіні меңгергендіктерін көрсетті.

Қатар-қатар қойылған қолөнер бұйымдары, ас мәзірінің қасында балаларға қалай ас дайындауды үйретететіндерін жеткізген ата-аналар болды. Дәлізде қатар қойылған пластикалық стакандардан құрастырып жасаған қыз көйлегі, пластикалық бөтелкеден құрап жасаған ұл бала бейнесі еріксіз көз тартады. Мектеп ауласына жасалынған бірнеше жылыжайдың ішіне кіріп, пісіп тұрған көкөністерден дәм таттық.

Реті келіп, облыстық білім басқармасының бөлім бастығы Меруерт Шайласқызымен пікір алысудың сәті түсті.

- Бүгінгі өтіп жатқан іс-шара не себепті осы мектепте өтуде?

- Неге осы мектеп дейсіз бе? Бұл мектеп жақында ашылса да үлгілі мектептер қатарында деуіме болады. Көп мақтамайақ қояйын, көрсеткіштері жаман емес. Сондықтан сенім білдіріп, осы семинарды өткізіп жатырмыз. Кейінгі жылдары ата-ана мен мектеп арасындағы байланыс кейбір мектептерде алшақтап бара жатқандығы байқалды. Сол себепті, осындай шаралар ұйымдастырудамыз. Мұндай іс-шара әр ауданда өткізілуде және әр мектептің іс жоспарына енгізілді. Негізінде, жас буынды бірлесе отырып тәрбиелеп, күш жұмылдырып оқытсақ – біз бұдан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Қоғамымыздың мықты болуы -бүгінгі жастарға байланысты, ал біз олардың отбасымен ынтымақтаса отырып сол ұрпақты бірігіп тәрбиелесек, еліміздің болашағы зор боларына сенемін!

Мектептің екінші қабатына тігілген қазақ үй ішінде Абай өлеңдері оқылып Абай әні айтылып жатты. Мұнда Абайдың және де басқа да ақын-жазушылардың кітаптары сөреден көрініп тұрды. Яғни, балаларды «Зерделі ұлт», «12-айға - 12 кітап» бағдарламасы негізінде баулаларды кітап оқуға баулу мақсаты көзделген.

Акт залында барлық құндылықтардың басы өнер арқылы тоғыстырылып, мектеп оқушылары өнерлерін көрсетіп жатты. Залдағы семинарға қатысушылар алдында Жетісу облысы білім басқармасы бастығының орынбасары Солтанбеков Әли Солтанбекұлы, Меруерт Шайласқызы, Ақжол Саматұлы, Досмұхамедов Асхат Седенұлы бүгінгі іс-шараның өте мәнді болғандығын0, мектеп пен ата-аналардың ынтымақтастығына жолашар іс-шара болғандығын айта келіп, мектеп ұжымына ризашылықтарын білдірді. "Семинарға қатысушылар бүгінгі семинардан көп керегін алып, қоржындарын толтыра қайтты" деп ой түйдік.

СЕМИНАРҒА КЕЛГЕН АТА-АНА ПІКІРЛЕРІ

Залда отырған, бірақ өзінің аты-жөнін атаудан бас тартқан ата-ана тілегі:

- Мен осы ауылдың тұрғыны болғандықтан атымды атамай-ақ қояйын, кейін ауылдастарым: "неге өйтіп айттың?" – деп ренжіп жүрер. Шынын айту керек, біздер, ата-аналар баламыздың мектептегі жағымсыз қылығын мүлдем мойындағымыз келмейді, менің балам ғана жақсы, қалғандарыңдікі дұрыс емес деу – ол таза эгоизмнің белгісі. "Мұғалімдікі дұрыс емес" деп баламызды жақтап шыға келеміз. Біз де, мұғалім де эмоциясыз сөйлесуіміз керек. Қазір бәріміздің жүйкеміз жұқарып кеткен. Мұғалімдер де бағаны жоғары қойып, тек жақсы оқитындарды алға сүйрейді. Бұл дұрыс емес. Орташаны жақсыға, ал нашарларды орташаға сүйресе, міне, нағыз мұғалім - сол!



Жалпы, бүгінгі семинарда тәрбиелік мәні бар, көп нәрсе көрді оқушылар. Осының бәрі оларға керек дүние деп ойлаймын.

Әспет ханым, жергілікті тұрғын:

– Иә, мен ата-анамын, осы мектепте немерем оқиды. Қазір зейнеттегі ардагер ұстазбын. Бұл мектептің тілге тиек етіп айтар көптеген жетістіктері бар. Ал бүгінгі іс-шара - қазіргі заман талабы. Ата-анамен мектеп тығыз байланыста жұмыс жасағанда ғана білімі жан-жақты, тәрбиелі, ұлттық салт-дәстүрді бойына сіңірген азаматтар өседі. Бүгінгі іс-шара керемет мәнді, мағыналы болды деп ойлаймын. Осындай шаралардан түйгені көп болсын балаларымыздың демекпін!

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 38 (1301) 02.10.2026 Алатау

... Зылиқа, Күләштай,
Мәрия, Жұмаштай
Жетісудың қыздары-ай!
А. Асылбеков

АСТАНАДАН КЕЛГЕН ЫСТЫҚ СӘЛЕМ

Төмендегі өлең жолдарының авторы өмірінің 30 жылын мемлекеттік қызметке арнаған, сондай-ақ қазақ тілі мен өнірдегі жас қаламгерлердің жанашыры, қаламынан шыққан өлеңдерінің санынан гөрі қоғам туралы саналы ойлары оқырман көңіліне қонатын Жетісу жерінің перзенті, қазір Астанада тұрып жатқан Ахмет Кендірбеков Жетісудың аяулы қызы, Еңбек ері Зылиқа Талшыбаеваның 90 жылдығына арнаған жыр-дастанын газет оқырмандарына жолдаған екен. Жариялауды жөн көрдік.



Ахмет КЕНДІРБЕКҰЛЫ

ЗЫЛИҚА ТУРАЛЫ ЖЫР

Жетісу, айналайын, түсін мені,
Бұл өмір от пен суға түсіргелі,
Байтағымды байыппен жырлап келем,
Бойыма Тәңірімнен күш ілгелі.

Қаламым бойға асынған қаруымдай,
Асыл сөз бабам берген дәруімдей.
Өлеңмен сезім жырын себелетем,
Қазанның ұзақ жауар жауынындай.

Сол жауын неткен жылы, нұрлы еді,
Түсіме ылғи кемел күз кіреді.
Кең-байтақ ен далама көзім салсам,
Жанарым жатырқамай түзді іледі.

Сол түзім – Жетісудың жон арқасы,
Шабытты шалқытқаным ел арқасы.
Арқарлы асуынан көзді салдым,
Сірә, бұл - осы өлкеде жол ортасы.

Көрінді сонадайдан Алатауым,
Басында бір күні қар, бір күн жауын.
Атақты Аңырақай жатыр, әне,
Тарихқа тағзым еткен қалың қауым.

Алыстан Алакөл де ағарады,
Ебі мен Сайқан соғып қабарады.
Балқашым бұйра-бұйра толқынданған,
Сағымы Сарыесікті аралады.

Алтындай жарқырайды Алтынемел,
Күз түсе сай-саласын салқын емер.
Күреңбел Жетісудың кіндігіндей,
Туған жердің түсінсек парқын егер.

Жоламан, Сәмен менен Малайсары -
Қазақтың солар екен бар аңсары.
Қоянкөз, Бақтыбай мен Жайнақ батыр,
Бірі – қару, екіншісі – қаламсабы.

Заманның бастан кешіп әрқалайын,
Жатыр ғой шуақ шашып Шанханайым.
Жырыма осы ауылдан бастау алып,
Өзім де шуда жіптей тарқалайын.

Шежіре түртіп қалсаң тіл қатады,
Ойға оралар Қызылқия, бірқатары.
Тұғырдың заңғарында Шоқан төре,
Қырандай биіктерден үн қатады.

Ойласаң бұл өмірдің сызы жатыр,
Көктемі, қысы менен күзі жатыр.
Жаз жайлау Тезек төре ауылында,
Шоқанның басып кеткен ізі жатыр.

Сол ізді басқан адам бақыт табар,
Бұл жерде алтын да бар, жаһұт та бар.

Іңгә үні Жанболаттың үйінде деп,
Беріпті Тәңіріден уақыт хабар.

Жаһаннан жыртық үйге құйылды нұр,
Бибі ана бабаларға сыйынды бір.
«Ұл болса, Үшкемпір деп атаңдаршы»,
Деп Жәкең туғандардан қиылды бір.

Көз тимесін деді ме ырымдады,
Бала сүйіп көрмеп ед бұрындары.
Көптен күткен шарана кім болар деп,
Айналып сығалап жүр ұрын бәрі.

Ауылға, ағайынға сыйлы ана,
Құс етіне жерік боп Бибі ана.
Бір қыран туар деген үмітпенен,
Ойға келді жорамал қилы ғана.

«Қыз» деді босандырған ардақты ана,
Жан-жаққа көзін салды салмақтана.
«Қыз болса да ер жүгін арқалайды,
Қол жұмулы ашулы бармақ қана.

Бармақтай бақ қонады бір басына,
Айналар бүкіл елдің тұлғасына.
Жанболаттың атағын шығарады»,
Деп ана дауыстады қырды асыра.

Болсын деп осы елдің сес, тірегі,
Кіндігін ер адамға кестіреді.
Атамқұл балтаменен бірақ шапты,
«Міне, батам!» деген даусы естіледі:

«Қызың сенің қызғалдақтай жайнасын,
Тағалы аттай тас қиядан таймасын.
Балтадайын өткір болсын өмірде,
Жаңқадайын дұшпандары жайрасын!».

Бет сипап жұрт Жанболатқа бұрылды,
«Аты кім?» деп шақалақтың бүгінгі.
Дастандарды көп оқыған адам ед,
Есім ойлап, қиссаларға жүгінді.

Жәкең сонда бірден атын атады:
«Зылиқадай зор болсыншы атағы.
Жүсіптейін ер-азамат кездессін,
Тәтті болсын бұл өмірден татары».

«Тәубе» десті Бибі ана, Жанболат,
Астындағы арымасын арман-ат.
«Зықабас» деп атап кеткен қара қыз,
Ата-анаға болып жатты қолғанат.

Тоғыз жаста анасынан көз жазды,
Күні-түні буыршындай боздады.
Әке екеуі қалды үйде жабырқау,
Шеше кетті, үйдің іші тозған-ды.

Құ тірлікке қасарысып бой бермей,
Бостан босқа езілуді жөн көрмей.
Білдірмеді сыртқа жүнін қампайтып,
Екеуі де қиындыққа өң бермей.

Күндер зулап, Зықабас та бойжетті,
Қызыл, жасыл киді әсем көйлекті.
Он шақты қыз бригада болды да,
Сауыншылық қолға алды бейнетті.

Ол кездерде бейнет еді бұл кәсіп,
Қора да жоқ салып қойған жымдасып.
Қолмен сауып, жемшөбін де таратар,
Желіндерде сүт қалдырмай бір қасық.

Оншақты қыз бүкіл ауыл көркі еді,
Жүрген жері күлкі еді, өрт еді.
Ферма айналып жүрген талай серінің,
Жүректерін жалын шашып өртеді.

Ерен шығып, еңбектері еленді,
Ел аузында алғысқа да кенелді.
Төрағасы - Базарбаев Игібай,
Завфермасы - Сарыбаев Төленді.

Озат болып, облыстан Ту алды,
Ауыл түгіл бар Жетісу қуанды.
Алматыдан әдейі іздеп келіпті,
Қаламгерлер Қанабек пен Қуандық.

Шаңғытбаев шабыттанып шалқыды,
Байсейітов күш-қуатын сарқыды.
«Беу, қыздар-ай» пьесасы жазылып,
Қыздар даңқы көк жүзінде қалқыды.

Сол жастарды басқаратын – Зылиқа,
Шығарған да асқарға атын – Зылиқа.
Қызған шоқтай жанып тұрған – Зылиқа,
Жастарға жол салып тұрған – Зылиқа!

Нұршаруандар жалын тектес емес пе,
Айымгүлді сақтап жатыр ел еске.
Ал Зылиқа депутат боп сайланды,
23 жаста ең Жоғарғы Кеңеске.

Білім іздеп институтқа түскелі,
Өзін-өзі көп ізденіп күштеді.
Бір-біріне қамқор болып жүретін,
Ол заманда адамдар да күшті еді.

Рамазанова Бижамалды кім білмес,
Ұмытпайды кейінгі ұрпақ үлгіңді еш.
Жол көрсетті Зылиқаға жалықпай,
Дос боп кетті өмір бойы тізгіндес.

Ұмытпайды Нұрмолданың нұр жүзін,
Көп нәрсеге үйретті ғой қыр қызын.
Қолтығынан талай рет демеді,
Аға-інідей ғұмыр кешті бірге ұзын.

Қыран құстай кеңге қанат жайған-ды,
Елі-жұрты Зылиқадан айналды.
Компартия сенім артып сьезге,
Талай мәрте делегат боп сайланды.

Соның бәрі есейтті де жас қызды,
Алға қарай қадамдарын басқызды.
Мал дәрігер Тоқсанбай ғана жылытты,
Ешқай жаққа бұрылмайтын «тас» қызды.

Екі ғашық отау құрды жарасып,
Матай тау да елжіреді қарасып.



Зылиқа Тамшыбаева

Шанханайы шаттық тілеп жастарға,
Жарқын жолға жіберді ғой бал ашып.

Сол кездердің комсомолы жастарды,
Жіберетін бағындыруға асқарды.
Көксудағы «Еңбекші» деген совхозда,
Біраз уақыт партия ұйымын басқарды.

Жол ашылды неше түрлі жобаға,
Іс дегенің қиындықсыз бола ма?
Екі жылдай тәжірибе жинақтап,
Шаруашылыққа болып шықты төраға.

Артта қалған совхоз еді кезінде,
Өзін-өзі қайрап қойды - «Езілме!».
Нұрмолдадан үйренгенін кәде ғып,
Еңбек етті белді буып, көз ілмей.

Көп кешікпей совхоз озат атанды,
Қонаевтың өзінен де бата алды.
Көрген көзге көрікті де сәулетті,
Еңбекші ауыл ең алдыңғы қатарлы.

Үміт оты жүректерге жағылды,
Тәжірибе деп бүкіл облыс ағылды.
Қызылшада Битай менен Зәкәрия,
Кеудесіне «Алтын жұлдыз» тағынды.

Қызылша да жайнап кетер ексең бір,
Мал да өсті, жайлайтыны тек сеңгір.
Қонаевтың өзі күліп қадады,
Алтын жұлдыз!
Мың тоғыз жүз сексен бір!

Ұзақ жылғы еңбек жанды – Зылиқа,
Өміріңнен өрнек қалды - Зылиқа.
Жетісудың жұлдыз қызы – Зылиқа,
Қазағымның құндыз қызы –Зылиқа!

Еңбегімен өрге шыққан – Зылиқа,
Топты жарып төрге шыққан – Зылиқа.
Еліміздің Еңбек Ері - Зылиқа,
Ұлтымыздың маңдай тері – Зылиқа!

Ақын жырын сан арнаған – Зылиқа,
Еркеғали ән арнаған – Зылиқа.
Жүректерде жүзің қалды – Зылиқа,
Жетісуда ізің қалды – Зылиқа!

Сіз туралы ойладық біз – Зылиқа,
Өр тұлғаңа бойладық біз – Зылиқа.
Айналды ғой әнге есімің - Зылиқа.
Ұмытылмас мәңгі есімің – Зылиқа!

Ахмет КЕНДІРБЕКҰЛЫ,
Астана

ЖЕТІСУДЫҢ ЖАУҚАЗЫНЫ Зылиха

(Нұрила Бектемірованың естелігінен)

Танымал журналист-жазушы Нұрила Бектемірованың қаламынан шыққан туындылардың қайсысы болмасын қызыға оқисың. Көзімізге кездейсоқ түсіп қалған мына төмендегі әңгімесін Нұрила бұдан бес жыл бұрын жазған екен. Бас алмай оқып шыққан соң бұл мақаланы автордан рұқсат сұрамастан газетке көшіріп беруді жөн көрдік. Өйткені бұдан 5 жыл бұрын «Нұрлы Көксу» аудандық газетінде жарияланған бұл мақала батыр да батыл Еңбек ері Злиха Тамшыбаеваны еске түсіреді.

("Алатау")


...Биыл қазан айында тірі болса хан қызындай Жетісудың Зылихасы 85 жасқа толатын еді. Көңілі көгілдір көктемдей, жаны жадыраған жаздай, өмірі өнегелі, еңбегі берекелі болып, ел тарихында есімі мәңгі жазылып қалған Зылиха Жанболатқызының асыл бейнесі – халықтың жүрегінде, жадында.

Қазақтың жарық жұлдызы болған ана туралы қаншама шығармалар, мақала, очерктер, жалынды жырлар, әндер жазылды. Соған қарамастан әлі де болса еліміздің мәндайына біткен дара жұлдызы туралы жылы лебіз, ой-пікірімізді айту – бізге парыз.

Қызы едің Жанболаттың
жалғыз талы,
Үмітті едің, күмісі едің, болған бағы.
Ерте есейіп, тартып күйін
тіршіліктің,
Болмысыңнан өр болдың,
жайсаң жаны, –

деп сол жылдары жыр шумақтарын өріппін.

Мен 1968 жылы Зылиха Жанболатқызын Киров аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланған сәтте көрдім. Ажар-көркі жарасқан, байсалды, небәрі 32 жастағы қазақ қызы бірден аудан жұртшылығына



ұнаған еді. Сол кезде төрт баланың анасы бола тұра ауданның қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Облыс, ауданда жиын-шара деген жетерлік. Соның барлығына қатысып, құзыретіндегі мәселелерді шешіп жүрді. Ешбір артық ауыз сөзі жоқ, қарапайым әйелдің жайдары мінезінен, жүріс-тұрысынан ерекше бір мәдениеттілік, инабаттылық сезіліп тұратын. Аудандық газеттің қызметкері болғандықтан ара-тұра атком отырыстарына қатысып жүрдім.

Арада көп уақыт өтпей-ақ: «Зылиха Жанболатқызы ыдырауға тақап қалған «Еңбекші» кеңшарына партия ұйымының хатшысы болып сайланыпты» деген хабар алдық. Ол кезде күндей күркіреген партияның бір бұтағы – бастауыш ұйымының хатшысы болу қазақ қыздарының арасында сирек кездесетін құбылыс еді. Сол уақыттан бастап өмірден озғанынша осы бір аяулы жанның бүкіл ғұмыры көз алдымда өткені – мен үшін үлкен үлгі-өнеге, мақтаныш.

Зықаң нағыз қазақтың қайсар, алғыр қызы десем артық емес. Шаруасы қожырап, кім көрінген табысын жеп, сиырлары қысыр қалып, еккен



Нұрила Бектемірова

қант қызылшасы көктемей, шыққаны шөптелмей жатқан шаруашылықты аяғынан тік тұрғызу үшін Зықаңның қаншама тер төккені бір өзіне ғана аян. Құлдырауға ұшыраған шаруашылықтың басшысы болып тізгінін қолға алған алғашқы күннен бастап Зылиха Жанболатқызының бір жайбарақат жүрген кезін көрмеппін. Күні-түні шапқылап, тәтті тамыр өсірудің небір озық технологиясын дала төсіне әкелген білімді де білгір басшы әйел бірнеше жыл ішінде қант қызылшасының әр гектарынан алынатын өнімді жоғарылатып, рекордты жаңартты.

Көп қиыншылықтарға қарамастан шаруашылықтың ауыр зіл батпан жүгін көтеріп, Зылиха апамыз ақылой кемелдігімен, алғырлығымен Жетісу жұртшылығының абыройына ие болды. 1979 жылы «Еңбекші» кеңшары қант зауытына 78 мың тонна қант қызылшасын өткізіпті. Қызылша алқабының әр гектарынан 600 центнерден өнім алған звено жетекшісі Закария Сейітованың өңірінде «Алтын жұлдыз» қадалып, Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Сол жылдары Еңбекшінің келбеті адам танымастай өзгерді. Жаңа ақшаңқан жүздеген үй, Мәдениет сарайы, жаңа мектеп, балабақша, сауда-саттық орталығы, ауылдық дәрігерлік пункттер салынып, көшелерге асфальт төселді. Жүздеген ағаш өсіріліп, бау-бақша гүлдеді. Тұрмыстық-әлеуметтік обьектілер қайта күрделі жөнделіп, пайдалануға берілді. Шаруашылықтың бүкіл жерді өңдеп, күтетін техника шеберханасы толық жаңартылды.

Зықаңның табиғат берген ерекше бір қасиеті – оның ұйымдастырушылық қабілеті еді. Төрт бөлімше қарайтын «Еңбекші» кеңшарының 3,5 мыңнан астам сан ұлтты халқын бір отбасының баласындай етіп тәрбиелеу, еңбекке жұмылдыру кез келген басшының қолынан келе бермейді. Ағайынды ауызбірлікке, татулыққа, жастарды тірлікке шақырып, күш-жігерін халықтың әл-ауқатын көтеруге жұмсады.

Жылдар өте келе Зылиха Жанболатқызы шаруашылыққа қарасты әрбір отбасының мұң-мұқтажын, қиындығы мен қуанышын күнбе-күн біліп, қол ұшын беріп отыратын тұлғаға айналды. Жеке отбасының қуанышына қатысып, көмек беру осы қазақ қызының ауылға алып келген тың жаңалықтарының бірі болды. Қазақы дәстүрлерді берік ұстап, ауыл, көше тойларын өткізуді ұйымдастырды. Ең бастысы, Зықаң үлкен ақсақалдардың ақылын тыңдап, батасын алып, жалпы халықтың ой-пікірімен санасып отырды. Қаншама игілікті ісшаралар шаруашылық басшысының қолдауымен өткізілгенін бүгін көнекөз қариялар жыр қылып айтады.

Өзінің атқарған еңбегінен ләззат алған Зылиха Жанболатқызының жан-сезімінің тереңдігі, адамгершілігі, өткен тарихқа деген тағзымы өте ерекше болды. Сол кеңес дәуірі жылдары-ақ Жетісудің үш әулие бабалары Ескелді, Балпық және Қабан жырау кесенесіне барып, тәу етіп, құран бағыштап отырған. Ешкімге айтып, дабыра қылмай-ақ бабалардың басында өткізілетін ісшараларға өзінің үлесін қосып келген.

Әлі есімде, 1981 жылдың бір мамыражай күні Киров (Көксу) аудандық партия комитетінің активі өтіп жатқан еді. Мен кезекші ретінде қабылдау бөлмесінде отырдым. Ашық тұрған зал есігінен активте қаралып жатқан мәселеге құлақ түріп, тыңдап отырғанмын. Бір кезде алдымдағы телефон шыр ете қалды. Көтерсем ар жақтан бір дауыс: «Зылиха Тамшыбаева қайда?» – дейді.

– Осында жиналысында отыр, – деп едім: «Телефонға шақыра аласыз ба? Ол кісіге Еңбек Ері атағын беру туралы Жарлыққа қол қойылды», – дейді ар жақтағы адам қуанышы қойнына сыймай. Игілікті хабардан менің де жүрегім алып-ұшып:

– Жақсы болған екен. Қазір шақырамын, шақырамын, – деп Президиумға шығатын есік көзіне барғанымда, неге екенін қайдам, маған жалт қараған Зықаң: «Шығып кетіңізші», – деп белгі бердім. Ол кісі лезде бері шықты.

– Зылиха Жанболатқызы, сүйінші, – деппін. Зықаң бірден білді ғой деймін, күліп жіберіп, телефон тұтқасын алып, қатты қуанғанын жасыра алмай, ар жақтағы адамға абдырап алғысын айтып жатты. Осы кезде біздің қуанышты жүзімізді есіктен көрді ме, жоқ әлде алдын ала хабардар ма екен, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төлеген Ахшанов активке жиналғандарға:

– «Еңбекші» ұжымының директоры Зылиха Жанболатқызы Тамшыбаеваға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, – деп жариялап жіберді. Мұндай халықтың дүбірлі қуанышын бірінші рет көруім еді. Тек қана Зықаңды ғана емес, жиналғандар бір-бірін құттықтап, абыр-сабыр болып кеттік. Бүкіл ауыл емес, аудан, Жетісу болып тойладық. Республиканың барлық басылымдары, теледидар, радиосы бұл жақсы хабарды тоқтаусыз таратты. Осылайша Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы, «Парасат», «Құрмет» ордендерімен марапатталған Зылиха Тамшыбаеваның өңірінде енді «Алтын жұлдыз» жарқырап, аяулы ананың мәртебесі арта түсті.

Адамдардың ең бір бай қасиеттерінің түп-тамыры адал ниет, кіршіксіз көңіл, жалпы халыққа деген сүйіспеншілік пен сыйласымдылық па деймін. Әлі күнге дейін Зылиха Жанболатқызының өмірде, қызмет бабында жасаған шаруалары кез келген адамға үлгі-өнеге болады. Ол кісінің еңбекқорлығы, тындырымдылығы, қамқорлығы, атқарылатын іске деген жауапкершілігімен қатар мол байлық мұрасы – жайдары мінезі еді. Үлкенді үлкен, кішіні кіші, баланы бала, ананы ана деп сыйлай білетін осындай кең пейілді адамды өмірімде сирек кездестірдім.

Осы бір қарапайым әйелдің жайлау көңіліне, жұдырықтай жүрегіне осыншама даналық, мейірімділік, қайырымдылық қалай сыйып жүргеніне әлі күнге дейін таңым бар. Зықаң өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін ер мінезді адам еді. Кез келген азаматтың қолынан келе бермейтін шаруаны тиянақты атқарып, бүкіл халықтың көңілінен шығып жүретін. Кез келген шешуші сәтте бәріміз «Зықаң не дер екен?» деп осы бір дана әйелдің жүзіне қарап аландап отыратынбыз. Ақын Күләш Ахметова:

Таңданам кеңдігіне даламыздың,
Айналған арқауына ән-аңыздың.
Туғызған қазақ деген
жомарт халық,
Бірісің ғасырдағы дана қыздың, –

деп жүрек толғанысын білдірсе:

Тамшыбайдың тамшыдай
немересі,
Өзгелерден оқ бойы ой-өресі.
Зер сияқты зерленген
алтын апам,
Бұл күнде бір аймақтың керегесі,

– деп, ақын Ахмет Кендірбекұлы өлең шумақтарын арнады.

Әсіресе, Кеңес Одағы және Қазақстан компартиясының бірнеше съездеріне делегат, республика жоғарғы Кеңесінің төрт мәрте депутаты болып сайлануының өзі Зылиха Жанболатқызының орасан еңбегіне көрсетілген құрмет, берілген әділ баға еді. Күні кешегі қазақтың қарапайым қызы елдің қамын ойлайтын ірі қоғам қайраткеріне айналды. Сол жылдары ол кісінің атына толассыз келіп жатқан хат-хабар мен өтініштердің ұзын санын ешкім санап көрмеген. Өзім жақсы білетін бір жайтты айтқым келеді.

Бір отбасының қызы Алматыда жоғары оқу орнында оқып жүріп, оғаш заңсыз іс-әрекетке ұрынып қалып, қамауға алыныпты. Ата-анасының бармаған жері, баспаған тауы қалмаған соң Еңбекші ауылына келіп, Зықаңа жағдайын айтып кірген екен.

Жақсылық жасауға жаны құмар Зылиха Жанболатқызы істің әділ шешілуіне атсалысып, осы отбасының жалғыз қызын сотта ақтатып, бостандыққа шығарды. Мұндай жағдайлардың аз болмағаны белгілі. Қаншама ауылдың қыз-жігіттері осы кісінің қолдауымен оқуға түсіп, білім алып, ұлттық кадрлар қатарына қосылып, өмірден өз жолдарын тапты. Қаншама жас мамандар «Еңбекші» кеңшарында еңбек жолын бастап, жақсы маман, басшы болды. Олардың қатарында Жанайдар Егінбаев, Аманбек Рахымбаев, Болат Тоқсанбаев, Ақжолтай Көлбаев және тағы басқалары бар.

Алдына келген адамдарды бөліп-жармай, барлығына бірдей қарайтын Зықаңның ерекше қасиеті кез келген пенденің бойынан табыла бермейді. Сондықтан халық ол кісіні сыйлады, құрметтеді, абырой-беделін көтерді, хан қызындай көрді.

– Зықаңның тағы бір айта кететін қасиеті – поэзияға, прозаға, әнге, жырға деген құмарлығы еді. Оның қазақ қыздарына өшпес өнеге болатын ғажап тұлғасын прототип етіп алған Қуандық Шаңғытбаев пен Қанабек Байсейітовтың «Беу, қыздар-ай» пьесасы, Еркегали Рахмадиевтың «Жетісудың қыздары-ай» әндері абыройын асқақтатты.

Комсомол ұйымының жетекшісі болып жүрген кезінен-ақ әдеби шығармаларды жақсы көріп оқитын Зықаң көптеген белгілі ақын-жазушылармен тығыз қарым-қатынаста болды. Атақты ақындар Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожина, Күләш Ахметова, Зайда Елғондинова, Әбен Дәуренбеков, Ахмет Кендірбекұлы және басқалары Зықаңа жалынды жырларын арнаса, сазгер Әли Алпысбаев, Мәлс Керейбаев, Темірбек Мизамбекұлы әннен шашу шашты.

Зылиха апай проза саласында қалам тартып жүрген менің шығармашылығыма да қатты қызығушылық таныtты. Сәті келген уақытта менімен әңгіме-дүкен құрып, талай шығармаларым осы бір ғажап әйел, ана, сыршыл жанның айтқан сюжеттері желісімен жазылғанын бүгін айтқым келеді. Дана әйел әрбір жарық көрген жинақ кітабымды уақыт тауып оқып, кездесу кештерінде жылы лебіздерін білдіріп жүрді. Әсіресе «Ел анасы болу – әйгілі» тақырыбында «Жетісу» газетіне жарияланған мақалам Зықаңның көңілінен шыққан болу керек, дереу «Жетісудың жұлдызы» атты өзі туралы әр жылдары газет-журналдарда жарық көрген мақала-очерктер, көптеген ел азаматтарының ой-пікірлері туралы жинақты маған сыйға тартты.

Осы мақаланы жазу барысында қолтаңбасын оқып, көзіме еріксіз жас келді. «Құрметті Нұрила Дантайқызы! Мені шығармаларыңызға енгізгеніңіз үшін сізге басымды иіп рахмет айтамын», – деп қол қойыпты. Неткен дана әйел! Осындай өмірге екі айналып келмейтін жан алдында мен басымды июге тиіспін. Ол кісінің қымбат бейнесі өзінің таза болмысымен, көкке өрілген ақ қайыңдай сыршыл, аппақ жібектей көңілімен, сұлу ғажап көркімен ел жадында мәңгі қалыпты.

Әне-міне дегенше уақыт өте береді екен. Зейнеткерлікке шығатын болдым. Ауданға жаңа әкім келді. Біресе аудандық газетке редактор бол деді, біресе болма деді. Әйтеуір басшыға жақын жүретін бір жігіт ағасы бар еді. Сол қолымдағы лицензиямды алып кетті. 40 жыл бір мекемеде қызмет атқарып, азды-көпті сіңірген еңбегімді ешкім көзіне де ілмегені қабырғама батты. Бір шоқ гүл ұсынып, қолымнан алып алғыс айтып шығарып салатын азаматты көре алмадым. Шындық осы. Содан енді не бөгеліс деп Алматыға



Зылиха Тамшыбаева

кетіп қалдым. Арада ай өткенде ауылға қайта оралсам сіңлім: «Зылиха Жанболатқызы сені бірнеше рет іздеді», – деді.

Хабарласып едім, ол кісі балаша қуанып қалды.

– Сені біреулер ренжіп кетті деп жатыр. Сол рас па? Сен оларға көңіл аударма, деңгейлері сол болса не істерсің? Ертең ауданда Наурыз мерекесі болады, соған кел, мен де барамын. Ешкімге жасаған қылдай қиянатың жоқ қой, ел-жұртқа жарқын жүзіңді көрсет, олардың жазығы жоқ. Бәрі дұрыс болады, – деді.

Осындай сыйлы адамның сөзін қалай жерге тастаймын, ертеңіне Наурыз мерекесіне бардым, шынында қарапайым жұртшылық құрмет көрсетіп, мені қуана қарсы алды. Олардың риясыз ақ ниеттеріне риза болдым. Кейіннен бәрі реттелді, республикалық газеттен жұмыс та табылды. Қолым тигендіктен шығармашылықпен айналыстым, бірнеше кітаптарым жарық көрді. Ойға алған істерімді жүзеге асыра бастадым.

Бір күні мақала жазып отырсам, ұялы байланысым әндетіп қоя бергені. Қарасам, Зылиха апай екен. «Мен машинамды жіберемін, келіп тамақ ішіп кет» деген ұсынысына, шынымды айтсам, сасып қалдым. Келістім. Өйткені маған бір нәрсе айтатындай көрінді. Сөйтіп келіні дайындап қойған ас мәзірінен дәм таттым.

– Саған көп сыр айтқым келіп еді. Бүгін шаршаңқырап отырғаным-ай, – деді сөз арасында. Сол кезде ол кісінің қатты науқас екенін түсіндім. Қиналғаны жаныма батқандықтан:

– Зылиха тәте, кейін айтарсыз, – дедім.

– Кейін уақыт бола ма? – деді жабырқап.

– Болады, тәте. Әлі сексен-тоқсанға келесіз, – деп уатқандай болдым. Ол кісі маған ойлана қарады да қойды. Кетерімде:

– Мен ем алу үшін жол жүремін. Саған менен естелік болсын, – деп иығыма асыл тастармен зерделенген орамал салды. Ынғайсызданып алмайын деп едім:

– Мені ұмытпай жүр. Аман бол. Өзіңді-өзің сыйлап жүрген бір қызсың ғой, – деді.

Бұл Зылиха тәтемен соңғы кездесуім еді. Ол кісінің менімен осылайша қоштасып тұрғанын сезбей қалдым ғой.

Әлі есімде, Зылиха Жанболатқызы 2010 жылдың 12 қарашасы күні кешкілік Астана қаласында өмірден озды. Дәл қай уақытта екенін де айта аламын. Өйткені сол сәтте менің құлағыма сыбызғыдай сызылған бір қаралы әуен келді. Бұл менің белгісі екенін түсінгенім жоқ. Әйтеуір жайсыз жайт болғанын жан-дүнием сезді. Көңілім қожырап, көзімнен жас ытқып кетті. Арада 15-20 минут өтпей-ақ қаралы хабар алдым. Бүкіл әлем жылап жатқандай әсер құшағына ендім. Орны да, жөні де бөлек бір қазақтың аяулы қызы еді. Көп жылдарға шейін орны ойсырап қалды. Ол орынды ешкім толтыра алмайтынын сездім. Өйткені, Зылихадай жан өмірге екі айналып келмейді. Бүкіл саналы ғұмырын елі мен жерін көгертуге арнаған, бақытын еңбектен тапқан Зылиха Тамшыбаеваны тағы бір еске алудың сәті келе жатқан сияқты...

РЕДАКЦИЯДАН: Есімі алтын әріптермен жазылуға лайықты Злиха Тамшыбаевадай Жетісудың ардақты қызы, тірі болса, биыл 5 қазанда 90 жасқа келер еді...Ел есінде сақталған оның есімі тарихтың өшпес парағына айналары сөзсіз. Артындағы елі мен ұрпақтары аман болсын!

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 38 (1301) 02.10.2026 Алатау

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС

ИӘ, ЖӘЙ КҮНДЕРІ МҰҒАЛІМДЕРГЕ АЙТЫЛА БЕРМЕЙТІН ЕРЕКШЕ ІЛТИПАТТАР ҚАЗАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕКСЕНБІСІ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЙ ОРТАДА БОЛМАСЫН АЙТЫЛА БАСТАЙДЫ. ҚАЗАННЫҢ БІРІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ ҚАРСАҢЫНДА БІР ҚАРБАЛАС БАСТАЛАДЫ. ӨЙТКЕНІ ОЛ ҰСТАЗДАР КҮНІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛСА КЕРЕК. ЕҢБЕГІ ЕРЕН ҰСТАЗДАР ЕҢБЕГІН БАСҚА КҮНДЕРІ ЕМЕС, ДӘЛ СОЛ КҮНГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕЛЕП-ЕКШЕЙТІНІМІЗ ДЕ ҚЫЗЫҚ. БҮГІН МЕН ДЕ БАЛА КҮНІМНЕН ТАНЫП-БІЛЕТІН

НҰРТАЙ ҚЫДЫРАЛИНОВ ҰСТАЗЫМ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕГІМ КЕЛІП ОТЫР.



Нұртай Қыдырәлінов жұбайы Дариғамен

Ағайды еске алғанда алдымен көз алдыма ол кісінің иығына қара түсті сазсырнай (баян) асынған бейнесі келеді. Алғаш бізде ән-күй сабағын өткізуге келгенде жадымда жатталып қалған болу керек. Әлде, өз бауырым жасыл баянын қалдырып, советтік армия қатарына кетіп қалғаннан, баян асынған ұстазымды бауырымдай көріп жақын тұттым ба екен?

Иә, Нұртай Қыдырәліұлын тек ән-күй мұғалімі ғана емес, менің құс фермасында меңгеруші болып істеген анам Мұсанова Сара Құрманқызын қос үйректі құшақтап түскен суретімен «Октябрь туы» газетіне шығарған журналист ретінде де еске аламын.

Ол кезде «журналист» деген сөз бізге



Нұртай ағай мен Дариға жеңге ұрпақтарымен

таңсық. Колхоз баласы - біздің сөздік қорымызда ондай сөз жоқ болатын. Сонда да болса, еңбек адамын мадақтап мерейін өсіргеніне бала болсам да риза болғаным анық.

Бұл менің ұстазым туралы жүрекжарды естеліктің бір ғана эпизоды. Ал шын мәнінде Нұртай Қыдырәліұлының өмірі мен еңбек жолына келсек, Алғабас ауылында 1944 жылы өмірге келгенінен бастап айтар әңгіме көп.

Мектеп оқушыларымен болған бір кездесуде сол кездегі мектеп оқу ісінің меңгерушісі Ақжігіт Ыдырысов оқушыларға былай депті:

- *Кезінде туған ауылының әлеуметтік мәдени жағдайының көркеюіне, халыққа қажетті бірталай ғимараттың салынуына, тұрмыстық қызмет көрсету салаларының қалыпты жұмыс істеуіне өз қаламымен үлес қосқан, «Туған жерге туыңды тік» сөзінің нақты мысалы ретінде бар болмысын туған ауылына арнап, жетістігіне қуанып, кемшілігіне төзбей, сын көзбен қарайтын ауылға беделді азаматтың бірі – осы Қыдырәліұлы Нұртай ағаларың.*

Иә, нағыз ұстаз осындай болса керек. «Жүз рет айтқаннан бір рет көрсеткен абзал». Ұстаз өз ісімен өзгеге үлгі бола білу керек. 45 минуттық сабақты өткізіп қана қоймай, айналасында болып жатқан жақсылық пен келеңсіздікке көз аша қарап, өзгенің де назарын аудара білу керек. Ұстаз шәкірт қана емес, ел қарап, бой түзейтін сұңғыла болу керек. Міне, Нұртай ағайды мен осылай бағалар едім.

Нұртай Қыдырәліұлы орта мектпті бітірген соң 1961 жылы кең профильді механизатор дайындайтын Көксу механикаландыру ауыл шаруашылығы училищесін аяқтап шығып, еңбек жолын механизаторлық мамандықтан бастады.

1962 жылы қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының география пәніне сырттай түсіп, 1968 жылы аяқтап шығады. Педагогикалық саладағы қызметін 1963 жылы Алғабас сегіз жылдық мектебінде аға пионер вожатый болып қызмет істеуден бастап, Алғабас орта мектебінің директорлығына дейін көтеріледі. Содан 45 жыл бойы өзі туған ауылындағы орта мектепте тапжылмай ұстаздық қызмет атқарып, 2007 жылы зейнеткерлікке шықты.

Өз педдегогтік тәжірибесі бойынша 1975 жылы Алматы қаласында, 1987 жылы Көкшетау қаласында өткен Республикалық педагогикалық оқуларда баяндама жасап, «Құрмет грамоталарымен» марапатталды. 1990 жылы Қарағанды қаласында өткен Республикалық педагог қызмметкерлерінің кеңесіне қатысып қайтты. Тынымсыз ұстаздық еңбекпен қатар ұзақ жыл мектептегі партия оқуы жүйесіндегі саяси оқудың насихатшысы, ауыл көлеміндегі «Білім қоғамы» бастауыш ұйымы лекторлар тобының жетекшісі секілді қоғамдық жұмыстарды да айрықша атқара білді. Он жылдан астам мектеп оқушыларының көркемөнерпаздар үйірмесін басқарды.

Жоғары санаттағы, білікті ұстаздан мыңдаған шәкірттер білім алып, тәрбиеленіп шықты. Оқу және тәрбие ісіндегі қол жеткен жетістіктері үшін 2004 жылы Нұртай ұстаздың 60 жасқа толу мерейтойына орай облыстық білім департаментінің «Құрмет грамотасы» және Алғыс хатымен» марапатталды. Ұзақ жылғы педагогикалық еңбегі өз жемісін берді. 1977 жылдан бері Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі, 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Көзі ашық, көкірегі ояу ауыл ұстазы бұқаралық ақпарат құралдарының тұрақты оқырманы да бола білді. Аудан-облыстық, республикалық басылымдарды үзбей оқып, өзі де оқырман ретінде айтулы оқиғаларға үндемей қалмай, пікір білдіріп отыратын. Ауыл еңбеккерлерінің қол жеткен табыстарын газетке жариялап, ауыл өмірінің жасампаз еңбегімен жұртшылықты газет арқылы таныстыратын. Нұртай ағамыз сияқты зерек оқырманды аудандық, облыстық газеттер үнемі жариялап отыратын. 1965 жылдан бері жергілікті тілші болып, журналистік салада да ол кісінің қаламынан ауылдың қоғамдық өмірі туралы жақсы мақалалар жарияланып тұратын. Соның нәтижесінде 1980 жылы КСРО Журналистер Одағына мүшелікке өтті. Оның қаламынан шыққан қоғамдық пікір тудыратын мақалаларды аудандық, облыстық газеттер жиі басып шығарады.

Нұртай Қыдыралыұлы 2005 жылы Алғабас жетіжылдық мектебіне 70 жыл толу мерекесіне орай «Мектебіміздің өткені сыр шертеді» атты кітап жазып шығарды. «Алғабас» ауылының құрылғанына 80 жылдығына орай «Ыстықсың, атамекен Алғабасым» кітабы жарық көрді. 2011 жылдан бері Көксу ауданының «Құрметті азаматы».

Жұбайы Дариға Бақбергенқызы екеуі отбасында бес бала тәрбиелеп өсіріп, қанаттандырып шығарды. Бесеуі де жоғары білімді. Қазіргі таңда 14 немере, 5 шөбересі бар.

Үлкен қызы Аяжаны Алматы қаласында тұрады. С.Ж. Асфендияров атындағы ұлттық медицина университетінің ғылыми кітапханасында басшының орынбасары қызметін атқарып жүр. «Кітапхана ісінің үздігі» медалімен марапатталған.

Ұлдары Мақсат пен Мұрат – әке жолын қуған педагогтар.Талдықорған қаласында №1 және №16 мектептерде ұстаздық қызмет атқарады. Болат Казтелекомда энергетика саласында қызмет атқарады. Кіші қызы Камшат Жетісу облыстық әкімдігінде «экономика және бюджетті жоспарлау» басқармасында іс-қағаздар жүргізуші инспекторы болып қызмет істейді.

Жиен немересі Қайрат Алматы қаласында ішкі істер органдарында қызмет атқарады, полиция майоры дәрежесінде. Немересі Аружан Астана қаласында, Ардана – студент. Қысқасы, «әке көрген оқ жонар» демекші, балаларын өсіріп, оларға еңбегімен өнеге бола білген көзіқарақты ұстазға мықты денсаулық, тілей отырып, балаларының жақсылығын көре бер деген ниетімізді жеткізгіміз келеді. Шаршамаңыз. Қуатты болыңыз!

Ұстаздар, келе жатыр сіздің мейрам,
Бұл уақыт берілмеген сізге жайдан.
Бір ауыз өлеңменен құттықтайын –
Басқаны қоя тұрып, тапқан айлам.
Мереке құтты болсын биыл келген,
«Алатау» газетінен ілдім жөргем.
Татулық алдыменен тілейінші,
Негізі татулықтың – сый мен сенген.
Жүріңдер сыйластықта үлкен-кіші,
Ұстаздық – сыйға берген Алла ісі.
Жақсылар үлгі тұтсын сөзіңізді
Қызыға қарасыншы көрген кісі.
Шәкірттер алғыр болсын алдыңызда
Арман жоқ асқар таудай қайсыңызда?
Сеніммен болашаққа іс қылайық,
Мейірім, төзім болсын жаныңызда!

Құралай Мұсанова
«Алатау»

АНАМ ДА МЕНІҢ ҰСТАЗ БОЛҒАН

Ұстаздық арман болған күндер өтті,
Менің де ұстаздыққа қолым жетті.
Алдымда бүлдіршіндер жәудіреген,
Ақ кеуде ақ бантикті көркемдепті.
Мен-дағы сәби болдым көп жыл бұрын,
Бойыммен бірге өскен қос бұрымым.
«Сәбитханқызы Әсел» деп атайды
Бүгінде оқушы мен бұл ұжымым.
Алғырмын, әлі есімде, жақсы оқыдым,
Көкейге Ұстаз сөзін тез тоқыдым.
Анамның жетелеген үлгісімен,
Білімнің теріп өстім мен қоқымын.
Пысықпын, бола алмаймын мен бір момын,
Әліптің баға білем мен де соңын.
Талды өлке қаласында білім шыңдап,
Бастадым мектебімде еңбек жолын.
Анам да осы ұжымда еңбек еткен,
Құрметпен зейнеткерлік жасқа жеткен.
Гүл алып, құттықтап бір барар едім,
Келмеске бес жыл бұрын сапар шеккен.
Әкеммен қол ұстасып кешкен «теңіз»,
Бауыр бар. Сіңіліммен, біз –үшеуміз.
Сырт құлақ естімейтін әңгімені
Ағылшын тілінде біз сөйлескенбіз,
Жоғары санаттағы ұстаз еді,
Еңбектен кеткенінше қол үзбеді,
Алматы шаһарында үлкен мектеп,
Сене алмай, жылында да көп іздеді.
Іздейміз біз де, бауыр, немере де,
Мереке күні аты еленер де.
Шәкірті еске алып, әріптестер
Өткен бір естелікке кенелер де.
Мерекең құтты болсын, анам, бүгін,
Немерең жеңілдетер қайғы жүгін.
«Болған, - деп, - ұстаз анам» мақтанамын,
Өзіңдей ұстаз қыздың есті үнін.

Ерденбекова Әсел
Сәбитханқызы,
№19 мектеп-гимназия түлегі,
№10 мектеп гимназияның ағылшын тілі пәнінің мұғалімі



Бейсенбі - Четверг, 8 қазан

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Әлия дастан»
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Әзекті»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.15 «Жаным сол»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Игра в судьбу»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Цепляясь за лед»
06.50 «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00,04.15 «Көреміз шоу»
20.00, 01.40 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Варяги»
02.25 Сериал «Сальса»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 Вечерние новости
10.00 Сериал «Пламя жизни»
11.20 «Агенты справедливости»
13.50 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
00.20 Сериал «Агенты справедливости»
02.30 Сериал «Певица»
04.20 Сериал «Соңғы ойын»
05.10 «Закира»
05.50 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Біздің бренд»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Шашу» /тікелей эфир/
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
17.00 «Әу» де» /тікелей эфир
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.35 Д/ф «Су»
20.00 «Осы пас па?»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Таза мекен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Үздіктер кітабы»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын»
07.00,20.00 Информбюро (қаз,русс)
08.00,05.20 «Күліп ал»
08.20 «Десант көкпен сырласу»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.00 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
10.40«Двое: я и ты»
13.00 худ. фильм «Питомец юрского периода»
15.00 худ. фильм «Зимное ядро»
18.00 худ. фильм «Анаконда-2»
21.00 худ. фильм «Пропавшая»
22.50 «Снайпер:Наследие»
01.00 «Влюбленное сердце»
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

04.30 «сен боссың»
05.30 «Ата-ана,бала-шаға»
06.40,08.10,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
08.00 Новости утро
09.00, 16.00,18.30,01.20Телесериал
10.30 Художественный фильм
13.00,19.30 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
15.40 Мультфильм «Ну погоди»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.10 «Мың рет сүйдім»
02.10 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
02.50 Қызықты юкенд
03.30Тазалық уақыты
04.17 «Әнұран»

Жұма - Пятница, 9 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 т/х «Рауза»
08.00 «Оян!»
10.00, 21.00 Т\х «Алданған тағдыр»
12.00 «ОйнаIQ»
13.00 «Біздің назарда»
14.15, 19.00 т/х «Ақ жеңге
15.15, 20.00 т/х «Келінжан»
16.00 Кино «Жаным сол-2»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 Кешрек
00.10 сериал «Ловушка»
01.10 сериал «Худшая подруга»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «Падение Ордена»
06.30 Сериал «Позднее раскаяние»»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
11.05«Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05 «Давай поженимся!»
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.10 Басты жаңалықтар
19.00, 04.35 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Құрылтай online»
20.55 «Поле чудес»
22.30 Сериал «Дела житейские-6»
03.10Басты жаңалықтар
03.35 «Qaimaq»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 Вечерние новости
09.00, 18.30 Сериал «Пламя жизни»
11.20, 23.20 Сериал «Агенты справедливости»
13.30, 21.40 «Битва экстрасенсов. Реванш»
16.30, 01.50 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Карта жизни»
03.40 «Соңғы ойын» отандық т/х
05.20 «Әнім сен едің»
05.50 КТК қоржыны
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Таза мекен»
10.55 10-блок
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Осы пас па?»
11.20 «Әсем әуен»
12.00 «Әу» де»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Үздіктер кітабы»
17.00 «Тарлан»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «Дін мен дәстүр»
18.35 «Әсем әуен»
19.40 Д/ф «Цена агрессии»
20.00 «Сергек»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Сергек»
21.10 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Шашу»
22.45 «Тілашар»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30, 05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 05.20 «Күліп ал»
08.20 т/х «Дсант. Көкпен сырласу»
09.00 м/с «Губка Боб в 3D»
09.30 м\с «Пингвины Мадагаскара»
10.00 м\с «Черепашки-ниндзя»
10.40 х/ф «Питомец Корского периода
12.40 х/ф «Семейка Аддамс»
15.20 х/ф «СОЛТ»
17.0 х/ф «Индиана Джонс и королевство хрустального черепа»
21.00 х/ф «Джон Уик-2»
23.30 х/ф «Снайпер: Наследие»
01.30 «31 әзіл»»
03.20, 05.00 «Time Vine»
03.40 «TikTok show»
04.00 «What's up?»
04.20 «Әзіл студио»
04.40 «1001 әзіл»
04.50 «Bala BATTLE»

7 КАНАЛ

04.30 т/с «Сен BOSсың»
05.30 т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
06.40, 20.00 Т\х «Запретная любовь»
08.00 Новости утро
09.00, 09.40, 16.00, 18.30, 02.0 Т/с
10.30, 00.20 Көркем фильм
13.00, 19.30 Новости. Прямой эфир
13.30 х/ф «Тәуіп Хо Жун»
15.40 Мультфильм
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
22.10 Сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
00.20 т/х «Мың рет сүйдім»
02.10 Әйгерім Сефолланың сырласуы
02.50 Қызықты weekend
03.30 Тазалық уақыты
04.50 Телесериал

Сенбі - Суббота, 10 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cower show»
07.00 Концерт Мейрамбек Бесбаев
08.30 «Балам үшін»
09.00 «Азамат»
10.00, 21.00 Т/х «Алданған тағдыр»
11.00 Мультфильм «Маленький большой герой»
12.10 Мультфильм
13.00 х/ф «Госпажа горничная»
15.00, 19.00 Тұсаукесер! «Жекпе-жек айтыс»
16.30 Т/х «Ақ жеңге»
19.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
22.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
23.00 х/ф «Миллионер поневоле»
01.00 Телесерил

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.25 Главные новости
08.05 «Құрылтай онлайн»
08.40 Т/х «Сезім толқыны»
11.15 «Поле чудес»
12.55 сериал «Дела житейские-6»
17.30 «Точь-в-точь»
20.00 Basty prime
20.50 Сериал «Тысяча роз»
01.40 Ночной к/т «Роковое СМС»
04.00 «Qaimaq»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.40 «Әнім сен едің»
07.45, 01.00 «Было дело» д/д
09.10 Вечерние новости
10.00,02.40 «Махаббат әлемі» ән шашу
12.00 Сериал «Однажды в Чукурова»
14.00 «Девушка из прошлого» т/х
18.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
21.00 Сериал «Честная игра»
04.50 «КТК қоржыны

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Сергек»
11.20 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Дін мен дәстүр»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Игры со смертью»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Домбыра»
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «Білім мен білік»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Әке»
20.30 «Апта» (қаз)
21.30 «Апта» (рус)
22.30 Д/ф «Менің елім»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
09.30 М\с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 Д/ф «Жаңа Конституция»
11.25 Т/х «Ойнама»
12.50 «AI Бәрекелді» шоу
15.00 х/ф «Мой домашний крокодил»
17.30 Х/ф «Лука»
19.20 Кино «Главный герой»
21.40 Х/ф «Люди икс. Начало росомаха»
00.10 Х\ф «Пропавшая»
01.40 «31 әзіл»
04.00 «Time Vine»
04.20 «TikTok show»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

7 КАНАЛ

04.30, 19.00 Телехикая
05.20 ҚР Әнұраны
05.30 Т\х «Ата-ана. Бала-шаға»
06.40 Т/х «Запретная любовь»
09.00, 18.00, 02.40 Т/с
13.20, 01.40 Әзілің жарасса
14.30 Көркем фильм
20.00 Сериал «Запретная любовь»
22.10 Сериал «Далекий город»
23.10 Художественный фильм
01.40 «Әзілің жарасса»
03.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.40 Тазалық уақыты

Жексенбі - Воскресенье, 11 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cower show»
06.00 Концерт «Жан анам»
07.30 Өміркұл Айниязов «Жұмыр жердің жұмағы»
09.30 Арнайы репортаж
10.00, 21.00 Т/х «Алданған тағдыр»
11.00 «Өмір өрнегі»
12.00 М/с «Белка и Стрелка. Озарная семейка»
13.00 Мультфильм
14.30 х/ф «Миллионер поневоле»
16.30 т/х «Ақ жеңге»
19.00 д/ф «Мұзарт – 25 жыл»
19.30 Заттыбек Көпбосыновтың концерті
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
23.10 х/ф «Госпажа горничная»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.05 «Qaimaq»
07.25 «P@yTINA
08.45 Basty prime
09.40 Т/х «Сезім толқыны»
11.00 «Пусть говорят»
12.40 Сериал «Тысяча роз»
17.20 Х/ф « На море»
20.00 «Аналитика»
20.50 Сериал «Счастья хватит всем»
01.40 Команды
03.00 «P@yTINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 02.00 Ғазизхан Шекербеков
08.05 «Было дело»
10.05 «Реформа»
10.35, 04.30 «Шымкент шоу»
12.00 сериал «Однажды в Чукурова»
14.00 сериал «Вспомнить себя»
18.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
21.00 Портрет недели
22.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
00.00 «Было дело» д/д
05.40 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
17.30 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (қаз)
10.00 «Апта» (рус)
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Біздің толқын»
13.00 «Білім мен білік»
13.40 «Әке»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Біздің бренд»
15.00 «Шашу»
16.15 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Дара»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Тарлан»
20.30 «Кітап»
21.00 «Угәгәй melody»
22.00 «Әсем әуен»
22.30 Д/ф «Стражи звёзд»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.10 «Әзіл студио»
07.00, 02.50 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
08.50 М\с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим» с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30, Д/ф «Жаңа Конституция»
11.10 «Күліп All»
11.40 т/х «Ойнама»
13.00 х/ф «Лука»
13.10 Кино «Волки и овцы»
15.30 Х/ф «Главный герой»
17.50 Х/ф «Люди икс:Начало Росомаха»
20. 00 «AI Бәрекелді» - шоу
22.20 Х/ф «Марсианин»
01.20 «Bizdin show»
03.50 «TikTok show»
04.10 «Time Vine»
04.30 «1001 әзіл»
04.40 «BALA BATTLE»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
04.30, 19.00 Телехикая
05.30 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
06.40 Т/х «Запретная Любовь»
09.00,18.00,02.10 Т/с
13.20 «Әзілің жарасса»
14.20, 23.10 Х/ф
22.10 сериал «Далекий город»
01.40 «Әзілің жарасса»
03.40 Әйгерім Сефолланың сырласуы
04.00 Тазалық уақыты

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 38 (1301) 02.10.2026 Алатау

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТІҢ ЖАҢА КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің әскери журналисі, подполковник Манарбек Қарекеновтің балалар мен жасөспірімдерге арналған «Киберқасқыр» атты шытырман оқиғалар мен детектив әңгімелерге толы жинағы жарық көрді.

Кітап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату бағдарламасы аясында жарыққа шыққан. Жинақта адалдық, достық, еңбеккорлық, табиғатты қорғау, жауапкершілік және цифрлық қауіпсіздік тақырыптарын қамтитын әңгімелер.

«ЖЕТІСУ» БӨЛІМШЕСІ – ШЕКАРАДАҒЫ ЖАУАПТЫ ҰЖЫМ



«Достық» ауылы арқылы өтетін халықаралық теміржол бағытын Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Жетісу» шекара бөлімшесі күзетеді. Бөлімшенің әскери қызметшілері тәулік бойы белгіленген бағыттарда шекара нарядын атқарып, теміржол және шекара маңындағы жағдайды бақылайды. Қызметтің басты талабы – қырағылық, тәртіп және жауапкершілік.

Шекарашылар жергілікті тұрғындармен де тығыз байланыста. Мектептерде әскери-патриоттық кездесулер өткізіп, жасөспірімдерге шекарашы мамандығы мен Отан алдындағы борыш туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бүгінде «Жетісу» шекара бөлімшесінің жеке құрамы Жоңғар қақпасындағы мемлекеттік шепті сенімді күзетіп келеді.

БАНК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ШЕКАРАШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің жеке құрамымен «Алатау Сити Банкі» қызметкерлері кездесу өткізді.

Кездесуде банк қызметкерлері әскери қызметшілерге қаржылық қызметтер мен банк өнімдері туралы ақпарат берді. Жеке құрамның сұрақтарына «Алатау Сити Банкінің» кәсіпкерлікті дамыту директоры Айзада Кенішбаева және басқарманың бас менеджері Эльвира Исенгалиева жауап берді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

РУХАНИ НӘР АЛАР СУАТЫМ

КІТАПХАНАДАҒЫ КЕЗДЕСУ

***«Шын мәнінде, кітап оқу – рухани кемелденудің көзі десем артық емес. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Жалған деректің, шындыққа жанаспайтын қауесеттердің де тез тарап жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан, мұндай жағдайға мейлінше жол бермеу үшін алтын уақытымызды осындай пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», -* деп жазды Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев.**





15.09.2026 ж. Алғабас ауылындағы орталық кітапханада **«Ақынын ардақтаған ел бақытты»** атты ардагер ұстаз, "Білім беру ісінің үздігі", ақын, Журналистер Одағының мүшесі, Көксу ауданының құрметті азаматы, бірнеше кітаптардың авторы Сембек Абдрахмановпен кездесу өтті. Кездесуге жоғарғы сынып оқушылары мен ұстаздар, ауыл азаматтары қатысты.

Кездесу өткізудің негізгі мақсаты: оқушыларға кітап оқуды дәріптеу, әсіресе оқушы жастардың ой-санасын кітап оқу арқылы кеңейту, болашақта талантты жастардың шығуы, кітап оқу арқылы болатындығымен қызықтыру.

Кітапхана меңгерушісі Венера Нысанбайқызы шақырылған құрметті қонақ Сембек Абдірахмановтың өмірбаянымен, еңбек жолымен, шығармашылығымен таныстырып өтті. Кітапхана меңгерушісі Венера апай Сембек ағайдың «Нәрлі жер, нұрлы аспан – Талапты Жаршапқан», «Теміржолшылар мекені Айнабұлақ», «Сырласым сыршыл өлеңім» атты кітаптары мен кітапшалары бар екендігін айтып өтті. Одан әрі сол кездесуге жиналған азаматтардың үлкені Әбдіразақ Тастандыұлы Исағұловқа сөз берді. Әбдіразақ аға Сембек Солтанұлымен кезінде бірге қызмет жасай жүріп, ол кісінің шығармашылық жұмыстарымен сол кезден таныстығын, әріптес бола жүріп педагогикалық жұмыстардың қыр-сырларын үйренгендігін айтып өтті. Одан әрі сөз алған қонақ Сембек Солтанұлы оқушы жастарға үлкен парасатты азамат болып қалыптасу үшін кітаппен дос болу керектігін айта отырып, кітап туралы:

«Кітабың – сенің құралың,
Жоғары білім шырағың.
Баса алмайсың ешқашан,
Онсыз алға бір адым...», - деп ақындар жыр шертеді дей келе, өзінің де қаламымнан кітап жайлы төмендегідей жыр шумақтары туғандығын ортаға салды:

«Оқысам кітап қаламын қуаттана,
Ой-санам көкке өрлейді қанаттана,
Рухани нәр алар суатым да,
Ақылшым жол сілтейтін кітап қана.
Жарық берген маңайға шырақ дара,
Ойыңа ой жалғайды сыр ақтара.
Кітап – жолдас, адал дос серігім де,

Шежіре боп шертілер күй ақтара...» деген өлеңін оқып бітіп, әрбір уақытты тиімді пайдаланып тек пайдалы іске, соның ішінде кітап оқуға жұмсау керектігін ескертті. Сонымен қатар өзінің қатарларының бала кезден кітапты көп оқығандығы туралы естеліктерін еске алды және Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаевтың өлеңдерінен жатқа үзінділер оқып, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиялық кітабынан және т.б. жазушы ақындардың аттарын атай отырып, олардың шығармаларынан мысалдар келтіріп, негізгі кейіпкерлердің атын атады. Аз уақыт Алғабас ауылында қызмет жасаған кездегі «Ауылым Алғабасым» атты өлеңін оқып берді.

Арман қанат ұшырып айдан астым,
Қиялыммен қалықтап айдында ақтым.
Айға ұшсам да, айдында қалқысам да,
Жусан исін қимаймын Алғабастың...

Бірнеше оқушы Сембек ағаның кітабынан өлеңдерін оқыды. Аракідік әнші оқушылар ән салды. Әсіресе Елдос атты 9-сынып оқушысының «Ауылым» атты әні тартымды болды. Оқушылар тарапынан сұрақтар түсті.

- Сембек ағай ең алғашқы өлеңіңізді қай уақытта жаздыңыз?

- Қашан жазғаным есімде жоқ, бірақ сынып жетекшім Сатан ағайыма арнаған өлеңімнің былай басталуы есімде қалыпты:

Сатан ағай жақсы адам,
Ерекше ол басқадан.
Басқаларды білмеймін,
Мен ағаймен мақтанам!..

Сембек ағайдың оқушысы болған физика пәнінің мұғалімі Мырзабеков Ермек: «Ағайдан математика пәні бойынша дәріс алып, математикаға деген құштарлығым ашылған еді», - деп жүрекжарды сезімін жасырмады. Сөйте тұра Сембек ағайдың шығармашылығына табыс, деніне саулық тіледі.

Кеш өте тартымды өтті. Қатысушылар риза болып тарасты.

Сахи Исағұлов,
Алғабас орта мектебі

СУДЕБНО-МЕДИЦИНСКАЯ ДИАГНОСТИКА ЖИВОРОЖДЁННОСТИ И МЕРТВОРОЖДЁННОСТИ

Установление факта живорождённости или мертворождённости является одной из наиболее сложных задач судебно-медицинского исследования трупа новорождённого. Данный вопрос имеет существенное экспертное и правовое значение. Диагностика должна основываться на комплексной оценке морфологических признаков, результатов гистологического исследования и специальных проб, позволяющих установить факт начала самостоятельного дыхания.

Живорождённость устанавливается при наличии после полного рождения ребёнка хотя бы одного объективного признака жизнедеятельности: самостоятельного дыхания, сердцебиения, пульсации пуповины или произвольных движений мускулатуры. В судебно-медицинской практике принципиально важно разграничивать понятия «живорождённость» и «жизнеспособность»: факт живорождения может быть установлен независимо от последующей продолжительности жизни ребёнка. При исследовании трупа новорождённого оцениваются степень зрелости и доношенности, состояние кожных покровов, пуповины и плаценты, наличие родовой опухоли и конфигурации головы, а также признаки внеутробной адаптации. Особое внимание уделяется исследованию лёгких, желудочно-кишечного тракта и сердечно-сосудистой системы. Наиболее информативным признаком начала дыхания является расправление лёгочной ткани. У ребёнка, сделавшего дыхательные движения, лёгкие увеличиваются в объёме, становятся более воздушными, их края прикрывают сердце, изменяется консистенция и цвет ткани. При гистологическом исследовании выявляются раскрытые альвеолы, уменьшение толщины межальвеолярных перегородок и наличие воздуха в альвеолярных пространствах. У плода, не дышавшего после рождения, лёгкие обычно имеют плотную, мясистую консистенцию, альвеолы спавшиеся, их просветы не содержат воздуха. Для определения наличия воздуха в лёгких традиционно применяется легочная плавательная проба (проба Галена). Исследование основано на способности лёгочной ткани, содержащей воздух, удерживаться на поверхности воды. При наличии воздуха в желудке и кишечнике может проводиться желудочно-кишечная плавательная проба (проба Бреслау). Она имеет вспомогательное значение, поскольку заглатывание воздуха зависит от продолжительности и характера дыхательной активности после рождения. Гистологическое исследование лёгких является важнейшим компонентом комплексной экспертизы. При решении вопроса о мертворождённости необходимо исключать случаи интранатальной смерти, когда ребёнок родился без признаков жизни вследствие патологических процессов, возникших непосредственно во время родов. Отдельного внимания требуют случаи, когда новорождённый после рождения совершал дыхательные движения, но быстро погиб. В таких ситуациях отсутствие выраженных признаков внеутробной жизни само по себе не позволяет сделать вывод о мертворождённости. Таким образом, установление живорождённости является комплексной экспертной задачей, при которой результаты наружного и внутреннего исследования, гистологические данные, специальные пробы и сведения из медицинской документации должны оцениваться в совокупности. Особое значение имеет критический подход к интерпретации плавательных проб и обязательный учёт возможности реанимационных мероприятий и посмертных изменений. Дифференциальная диагностика живорождённости и мертворождённости требует комплексного судебно-медицинского исследования. Наиболее обоснованным является заключение, основанное не на одном диагностическом признаке, а на совокупности морфологических и лабораторных данных с обязательным учётом обстоятельств родов и оказанной медицинской помощи.

Аян Мухатаева,
руководитель судебно-гистологического отделения Института судебных экспертиз по области Жетісу

ЖЕТІСУДА КАРТОПТАН ҚЫТЫРЛАҚ(ЧИПСЫ) ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН СОРТЫ ӨСІРІЛДІ

Жетісу облысында картоп жинау науқаны аяқталуға жақын. Бүгінде алқаптардағы өнімнің 73%-ы жиналды. Сонымен қатар өңірдегі шаруа қожалықтарының бірінде алғаш рет чипс өндіруге арналған картоптың арнайы сорты өсірілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.





Көксу ауданындағы «Кеңдала» шаруа қожалығы таңдаған картоп сорты шаруашылық үшін жаңа бағыт деуге болады - жиналған өнімді қоймада ұзақ сақтаудың қажеттілігі жоқ, өйткені өткізу нарығы орақ науқаны басталмай тұрып анықталған. Атап айтқанда, шаруашылықта өнеркәсіптік өңдеуге, яғни чипсы өндіруге жарамды картоп өсіріле бастады. Жиналған өнім арнайы көлікке тиеліп, күн сайын өңдеу үшін кәсіпорынға жөнелтіледі. Биыл шаруашылықта картоп өсіруге 33 гектар жер бөлінді. Қазіргі таңда гектарынан 23-25 тонна өнім алынып отыр.

- Өнеркәсіптік өңдеуге арналған картоп тағам ретінде тұтынылатын асханалық картоптан өзгеше. Оны өсіру мен суару технологиясы да басқаша. Атап айтқанда, картоп қытырлағын өндіру үшін құрамында құрғақ зат мөлшері жоғары картоп қажет. Соның арқасында өңдеуден кейін сапалы өнім алынады: картоп тілімдері пішінін сақтап, майды аз сіңіреді әрі құрылымы өзіне тән қытырлақ күйге ие болады.

Осыған байланысты біз «ВР 808» орташа ерте пісетін сортын таңдадық. Оның түйнектері домалақ-сопақша пішінді, қабығы мен жұмсағы сары түсті, орташа салмағы 80-109 грамм. Құрғақ зат мөлшері – 21–25%, сақталу деңгейі 95%-ға дейін жетеді. Алайда бізге қазір өнімді ұзақ сақтаудың қажеті жоқ, себебі күн сайын 20–25 тонна өнім алып, бірден өңдеуге жөнелтеміз, – деді, «Кеңдала» шаруа қожалығы басшысының орынбасары Таймыр Маматаев.

Ол қазіргі өнімділік көрсеткіштеріне сүйене отырып, алғашқы тәжірибе оң нәтиже беріп отырғанын атап өтті. Осыған байланысты шаруашылық бұл бағыттағы жұмысты жалғастырып, картоп егістігінің көлемін келесі жылы 80 гектарға дейін жеткізуді көздеп отыр.

Шаруашылық алқаптарында картоп жинауға 20-ға жуық адам, қажетті арнайы техника жұмылдырылған. Жалпы, «Кеңдала» шаруа қожалығы 300 гектарға жуық жермен жұмыс істейді. Мұнда картоптан бөлек қант қызылшасы, жүгері, күнбағыс, жоңышқа және басқа да мал азығы дақылдары өсіріледі.

Жалпы, биыл Жетісу облысында жеке қосалқы шаруашылықтарды қоса алғанда, картоп өсіруге 6,5 мың гектар жер бөлінді. Бүгінде 4,6 мың гектар немесе алқаптардың 73%-ы жиналды. Жалпы өнім көлемі 125,5 мың тоннаға жетіп, орташа өнімділік гектарына 222,6 центнерді құрады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фотограф: Жұмабай Мұсабеков

АСТАНА. KAZINFORM — WhatsApp жасөспірімдердің қауіпсіздігін қадағалауға арналған ата-ана мүмкіндіктерін кеңейтпек. Жаңа баптаулар ата-аналарға баласының жеке деректерін қорғауға қатысты кейбір параметрлерін басқаруға және оның белгілі бір әрекеттері туралы хабарлама алып отыруға мүмкіндік береді, деп хабарлайды BBC.

WHATSAPP-ТА АТА-АНА БАҚЫЛАУЫН КҮШЕЙТЕТІН ФУНКЦИЯЛАР ПАЙДА БОЛАДЫ





Жасөспірім қандай да бір топқа қосылса немесе одан шықса, бұл туралы ата-анасына хабарлама келеді. Сонымен қатар олар баласының WhatsApp-тағы жеке парақшасына қатысты бірқатар баптауды өздері реттей алады.

Бұл ретте жасөспірімнің жеке хат-хабарына ата-анасы қол жеткізе алмайды. Олар баласының кімге жазғанын, қандай хабарлама жіберіп не алғанын және кіммен сөйлескенін көрмейді. Бұл ақпарат құпия түрде қорғалып, арнайы қауіпсіздік жүйесі арқылы сақталады.

Жаңа мүмкіндіктерді әр отбасы өз қалауына қарай пайдаланады. Ата-аналар баптауларды кез келген уақытта өзгертіп, қажет болса, бұл мүмкіндіктерді толық өшіре алады. Бұл баптауларды басқару үшін ата-ана арнайы PIN-код орнатады. Егер жасөспірім қойылған шектеулерді өз бетінше алып тастауға әрекет етсе, сол кодты енгізуі қажет болады.

Ата-ана жасөспірімнің профиль суретін кімдер көре алатынын және оны топқа кімдер қоса алатынын да шектей алады. Сондай-ақ балаға WhatsApp-тағы арналарды пайдалануға рұқсат беруді немесе шектеуді ата-ана өзі шешеді. Арналарда ұйымдар мен қоғам белсенділері түрлі ақпарат пен контент жариялайды.

Жаңартуда WhatsApp-қа кіріктірілген Meta AI көмекшісіне де өзгеріс енгізіледі. Ата-ана «13+» стандартты режимін таңдай алады немесе мазмұны қатаңырақ сүзгіден өтетін «Шектеулі контент» режимін іске қоса алады. WhatsApp өкілдері жаңа мүмкіндіктер ата-ана мен жасөспірім арасында мессенджерді пайдалану жөнінде ашық әңгіме қалыптастырып, жеке хат-хабардың сырт көзге жария болмауын қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

Әлеуметтік желілер сарапшысы Мэтт Навarра аталған баптауларды ата-аналар өз еркімен қосатынына назар аударды. Оның пікірінше, мұндай жағдайда Meta қолданушылардың жасын анықтау жауапкершілігінен біршама босап, жасөспірімдердің қауіпсіздігіне қатысты міндеттің бір бөлігін отбасына жүктеуі мүмкін.

Навarра ата-аналардың бұл мүмкіндіктерді қаншалықты жиі пайдаланатыны әзірге белгісіз екенін де атап өтті. Бұл өзгеріс технологиялық компанияларға балалардың қауіпсіздігін күшейту талабы артып отырған тұста енгізіліп отыр. Үкіметтер мен реттеуші органдар цифрлық платформаларда балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап етіп келеді.

Бұған дейін WhatsApp 13 жасқа дейінгі балалар үшін шектеулі функционалды арнайы аккаунттарды іске қосатынын хабарлаған болатынбыз. Ата-аналар мен қамқоршылар баламен кімдердің байланыса алатынын және оның қандай топтарға қосыла алатынын бақылай алады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

13.10.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz. сайтында Жетісу облысының Кербұлақ ауданында орналасқан Жоламан кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Integra Construction KZ» ЖШС, БСН 050840000334, мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1 ғимарат, ВП 16. Тел.87077510108, askar_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 13.10.2026г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствия недропользования на Жоламанском месторождении строительного камня, расположенный в Кербулакском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Integra Construction KZ», БИН 050840000334, адрес: город Астана, район Есиль, улица Дінмұхамед Қонаев, здание 12/1, ВП 16, тел.87077510108, askar_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫ

СОТТАЛҒАН АДАМДЫ ҚАМАҚҚА АЛУ

Қамаққа алу 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен жазаның жаңа түрі ретінде 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Бұлтартпау шарасының бір түрі болып табылатын қамаққа алу (арест) дегеніміз – сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді.Қамаққа алу отыз тәуліктен тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады.

Естеріңізде болсын, аталған жаза түрі кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге тағайындалмайды.

Мына жағдайды да атап өту керек, әскери қызметшілер қамақта болуды гауптвахтада өтейді.

Айта кету керек, қамаққа алудың бас бостандығын шектеу жазасынан айырмашылығы ол соңғысы сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі, ал бас бостандығынан айырудан өзгешелігі, бас бостандығынан айыру сотталған адамды колония-қонысқа жіберу немесе жалпы, қатаң, ерекше режимдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғызу арқылы оны қоғамнан оқшаулауды білдіреді.

Демек, қамаққа алу жазасы негізгі жазалардың қатарына жатады және қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) танылады.

Сайып келгенде, жоғарыда баяндалғандардың негізінде қамаққа алу жазасы кейбір басқа жазаларға қарағанда неғұрлым жеңілдеу жаза түрлері қатарына жататынын түсінуге болады. Бұл жаза Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көрсетілген жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады, яғни тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді деген принципке, яғни қазіргі заманда Қазақстан Республикасы мемлекетінің ұстанған талабына сай келеді деп санаймыз.

Дастан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ,
Талдықорған әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының аға сот приставы

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ

'' ҚАЗІРГІ ТАҢДА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЗАМАНАУИ ҚҰҚЫЛЫ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС, ОНЫҢ ІШІНДЕ БІРІНШІ МАҚСАТЫ - ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ДӘРМЕНДІ СОТ БИЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАШАНДА БОЛСЫН НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛМАҒАН РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАНДЫРЫЛУЫ ЖАЛҒАСТЫРЫЛУДА.

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖАЛҒАСТЫРЫЛУДА

Заңның үстемдігін қамтамасыз ету үшін, адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыптаушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету көзделген.

2016 жылдың қаңтар айының 1-нен қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексінде бекітілгендей тергеу судьясы дегеніміз - ол бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асыру жатады. Тергеу судьясын (судьяларын) осы сот төрағасы судьялардың қатарынан тағайындайды. Тергеу судьясын алмастыру қажет болған кезде ол қайта тағайындалуы мүмкін.

Осы орайда, заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында сотқа дейінгі іс жүргізу соттың бақылауында толыққанды болу үшін тергеу судьясының іске асыратын өкілеттіктерімен, шешілетін мәселелері кезең-кезеңмен бұдан да ары ұлғайтылып, айыптаушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуде адамның және азаматтардың контитуциялық құқын шектейтін барлық, оның ішінде делік - қарап тексеру, тінту, адамның жеке басын тінту тергеу судьясының рұқсатымен, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексінің 231-бабындағы, яғни адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау; электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу; абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу; компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу; пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау; орынға жасырын кіру және (немесе) оны тексеру прокурордың емес, тергеу судьясының санкциясымен жүзеге асырылатындары орын алатын болады.

Айнұр ЕСТАЙ,
Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТАШУ

Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы. Жалпы қылмыс дегеніміз – адам әрекетінің бір түрі. Қылмыс – Қазақстан Республикасының қылмыстық заңына сәйкес, жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті іс- әрекет немесе әрекетсіздік. Қылмыстық жаза –сот үкіметімен қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаға қатысты Қылмыстық кодексте белгіленген аталған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын айыруға немесе шектеуге бағытталған мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы.

ЗАҢДЫ БІЛМЕУ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТПАЙДЫ

Атап айтсақ, екі немесе одан да көп адамның қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады. Бірігу қылмысқа қатысудың объективтік белгісі ретінде бірнеше адамдардың өз күштерімен бірлесіп әрекет жасауын білдіреді, олардың барлығы өз күштерін біртұтас қылмыстық нәтижеге қол жеткізуге бағыттайды. Қылмыстық нәтижеге қол жеткізу үшін күштерін біріктіргенде, қатысушылардың бірі қылмыстың объективтік жағын орындайды, ал басқалары қылмысты ойдағыдай жасауға және оны жасыруға барлық қажетті жағдайларды жасауға көмектеседі. Біріккен әрекеттер арқылы қол жеткізілген нәтиже барлық қатысушылар үшін біртұтас, ортақ бөлінбейді. Тек қасақана жасалған қылмыстардың ғана қылмысқа қатысы болуы мүмкін, ал қылмысқа қатысушы барлық адамдар қасақана түрде әрекет етеді.

Мәселен, қылмысқа қатысушылардың рөліне байланысты, оларды орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші деп бөледі. Орындаушы — бұл нақты қылмыс құрамының объективті жағынан кіретін әрекеттерді толықтай немесе ішінара орындайтын адам. Ұйымдастырушы — қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам. Ұйымдастырушы ретінде көбіне нақты қылмыстарды тікелей жасаудан қашатын ең тәжірибелі, қауіпті қылмыскерлер болады. Көпшілік жағдайда ұйымдастырушы — бас бастамашы, негізгі басқарушы және қылмыс жоспарының авторы болады.

Бұған қоса, басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады. Жоспарлы орындаушының субъективтік қасиеттерін ескере отырып, айдап салушы бопсалауды және мадақтауды, оның пайдакүнемдік ниетін пайдаланады, ал кейде сөз арасында айтылған емеуріннің өзі де жетіп жатады. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпараттар жинауымен қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен немесе қылмысты жасаудағы кедергілерді жоюмен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам көмектесуші деп танылады.

Ажар МӘУЛЕН,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЗАҢ ТАЛАБЫ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ КЕРІ КҮШІ

Қазақстан Республиасы Қылмыстық кодексінің 6-бабының талаптары негізінде іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады.

Егер жаңа қылмыстық заң адамның жазасын өтеп жүрген іс-әрекеті үшін жазаланушылықты жеңілдетсе, онда тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға жатады. Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, осы іс-әрекетті жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын күшейтетін немесе жағдайын өзге де түрде нашарлататын заңның кері күші болмайды.

Осыған орай, сот үкімді орындауға байланысты мәселелерді қараған кезде адамның іс-әрекетінінің сараланууын жаңа қылмыстық заңның бабына сәйкес ауырлығы аз қылмыстық құқық бұзушылыққа өзгерту және жазаны осы баптың санкциясының шегінде азайту, қосымша жаза қолданбау арқылы қылмыстық заңның кері күшін қолдануға құқылы. Бұл ретте сот үкімін дәлелдемелерді, қылмыстық процестегі азаматтық талап қою және ҚПК-нің 476-бабында көзделмеген басқа да мәселелерді шешуді бағалау бөлігінде қайта қарауға құқылы емес. Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазалануын жоятын немесе іс-әрекетті қылмыстықтан арылтатын заң қабылданған жағдайда, сот ҚК-нің 6-бабын қолданып, азаматтық талап қою туралы мәселені ҚПК-нің 170-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен шешуге тиіс.

Егер үкімді орындау сатысында ҚК-нің 55-бабының екінші бөлігін қолданған кезде сот үкімде сотталған адамдарға жазаны мұндай деп танымаған жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларға сілтемемен тағайындаған немесе іс бойынша жеңілдететін мән-жайлардың бар екендігі анық болса да, үкімде оларды есепке алу туралы көрсетілмеген жағдайларда соттардың мыналарды ескергені жөн: егер үкімде іс бойынша қылмыстық жауаптылықты және жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың бар екендігі не болмаса ҚК-нің 53, 54-баптарында көрсетілген сол немесе өзге мән-жайды сот жаза тағайындаған кезде ескеретіндігі туралы көрсетілмесе, онда соттың мұндай мән-жайлардың бар екендігін тануға және көрсетуге құқығы жоқ; егер сот үкімде сотталған адамға жаза тағайындаған кезде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың бар екендігін танымаса, ал іс жүзінде бұл мән-жайларды тізбелеу арқылы ескерсе, онда сот үкімді орындау тәртібімен іс бойынша мұндай мән-жайлардың бар екендігі туралы тұжырым жасауға құқылы.

ҚК-нің 58-бабының екінші және төртінші бөліктерінде онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша, сондай-ақ, егер қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы өзіне ең болмағанда бір аса ауыр қылмысты және жасағаны үшін айыппұл тағайындалған қылмыстық теріс қылықты қамтыса, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы ғана түпкілікті жазаны тағайындау көзделеді.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАХМАТ ОЛИМПИАДАСЫ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Самарқандта өткен Дүниежүзілік шахмат олимпиадасында екінші орын алған қазақ қыздарын құттықтады. Бұл туралы президенттің кеңесшісі – баспасөз хатшысы Айбек Смадияровқа сілтеме жасаған KAZ.NUR.KZ хабарлайды.



Президент құттықтауында қазақ қыздары әлемдегі ең мықты, әйгілі команда – Қытай құрамасына ғана есе жіберіп, үлкен нәтиже көрсеткенін айтқан.

Сондай-ақ даңқты шахматшы Бибісара Асаубаева бастап барған Қазақстан құрамасы беделді турнирдің бірде-бір ойынында жеңілмегенін атап өткен.

"Мұны шахмат сарапшылары үлкен жетістік ретінде бағалап отыр. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев біздің шахмат шеберлері өткен олимпиададағы табысты жолын жалғастырғанына назар аударды. Қазақстан командасы сол кезде де екінші орынға табан тіреген еді. Бұл спортшыларымыздың деңгейі биік, талантты, еңбекқор екенін, сондай-ақ отаншылдықты нақты іспен дәлелдей алатынын көрсетеді", - делінген хабарламада.

Мемлекет басшысы шахматшы қыздарға толайым табыс, зор денсаулық және бақ-береке тілеген.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан құрамасы әйелдер арасындағы Дүниежүзілік шахмат олимпиадасында екінші рет қатарынан күміс жүлдеге ие болды. Соңғы 11-турда ұлттық құрама Польшамен кездесті. Тартысты бәсеке 2:2 есебімен тең аяқталды.

МАРАПАТ

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН СПОРТШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Рахметұлы көкбөрідеn VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасы сапында ел намысын қорғаған Жетісу облысының спортшыларын қабылдады.

VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Жетісу облысының спортшылары Сылатай Нұржан Асқатұлы және Сейділла Мәді Шахизындаұлы ұлттық құрама сапында өнер көрсетіп, ел намысын абыроймен қорғады.

Кездесу барысында спортшылардың халықаралық додадағы еңбегі атап өтіліп, ұлттық спортты дамыту және оған көрсетілетін қолдау мәселелері сөз болды.







Сонымен қатар, шара барысында спортшылар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың арнайы марапатымен марапатталды.

Облыс әкімдігінің қолдауымен Нұржан Сылатай мен Мәді Сейділлаға ұлттық құрама сапындағы еңбегі мен жоғары нәтижелері үшін 250 000 теңге көлемінде қаржылай сыйақы табысталды.

Кездесу соңында Диас Рахметұлы спортшыларға алғыс білдіріп, алдағы жарыстарда сәттілік тілеп, Жетісу облысының намысын биік деңгейде қорғағаны үшін ризашылығын жеткізді.

Өз тілшіміз

ЖАЙДАРМАН

ЖАҚСЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Панфилов қаласы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары соңғы кездері түрлі турнирлерге қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. Сондай бір байрақты бәсеке Ақтөбе қаласында өткені баршаға мәлім. Бұл беделді бәсекеде үш оқушымыз жүлдегер атанып оралды.





Атап айтқанда, Ақтөбе қаласында ауыл жасөспірімдері арасындағы VI республикалық ойындарында дзюдо күресінен мектебіміздің спортшысы Сезім СЕЙТНҰР татамиде өзіне ешкімді тең келтірмей, жеңімпаз атанды. Бұрымды балуанымызды тәжірибелі бапкер Ержан Болатханұлы жаттықтырады.

Грек-рим күресінен білікті бапкер Абылай АХМЕТБЕКОВ баулып жүрген мектебіміздің спортшылары Алихан ОСПАНБЕК пен Ернұр ЕСКЕЛДІ қос қола медальға қол жеткізді.

Осылайша, біздің спортшыларымыз қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, жақсы жетістіктерімен жерлестерін қуанышқа бөледі.

Дархан ОРАШ,
Панфилов ауданының
№1 балалар мен
жасөспірімдер спорт мектебінің
әдіскері

АУЫР АТЛЕТИКА

ТӨРТ ОҚУШЫМЫЗ ЖҮЛДЕ ТҰҒЫРЫНДА

2026 жылғы қыркүйек айының 17 мен 24 аралығында Алматы қаласында 2010-2011 жылдары туған жасөспірімдер арасында ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Осы біріншілікте «Ж.Үшкемпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 4 зілтеміршісі жүлдегерлер қатарынан көрінді.







Атап айтсақ, 69 келі салмақта жарыс жолына шыққан Қанат Ақерке тамаша өнер көрсетіп, ел чемпионы атанса, 85 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Садық Мирас күміс жүлдегер атанды. Ал, 70 келіде бәсекеге шыққан Бекзат Қайсарбекұлы мен 50 келіде бағын сынаған Абылай Ниязов қола мелальға қол жеткізді.

Айман СЕРІККҰЛОВА,
мектеп-интернат-колледжінің әдіскері

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

АЛАН АҚШ-ТА ӨТКЕН ТУРНИРДЕ ТОПЖАРДЫ

Қазақстандық үстел теннисшісі Алан Құрманғалиев АҚШ-та өткен WTT Youth Contender халықаралық турнирінің жеңімпазы атанды, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ ҰОК-ке сілтеме жасап.



Үстел теннисінен Қазақстан құрамасының өкілі Алан Құрманғалиев АҚШ-тың Спокан қаласында өткен WTT Youth Contender халықаралық турнирінде алтын медаль жеңіп алды.

Жарыс барысында Алан төрт кездесу өткізді. Қазақстандық спортшы американдық Алекс Лоны 3:1, Абхинав Ширбхатты (АҚШ) 3:0 және Эндрю Цаоны (АҚШ) 3:0 есебімен жеңді.

Ал финалда Құрманғалиев аустралиялық Чулун Не Чулунды 3:1 есебімен ұтып, турнирді бірінші орынмен аяқтады.

Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің мәліметтері бойынша дайындалды.

Бетті дайындаған Ш. ХАМИТОВ

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

АСҚАБАҚТЫҢ ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР



Асқабақ басқа жеміс-жидектер мен көкөністерге қарағанда адам денсаулығына өте пайдалы.

1. А дәрумені көп .Асқабақ А дәруменіне айналатын өсімдік. А дәрумені біздің ағзамыз өздігінен өндіре алмайды, ол тек жеген тамағымыз арқылы организмімізге келіп түседі. Егер бұл дәрумен ағзада жеткіліксіз болса, денсаулығымыз сыр бере бастайды.

Күнделікті норманы алу үшін 300 г асқабақ жесеңіз жеткілікті.

2. Асқабақ түрлі қоректік нәруыздарға бай. ОНДА - ақуыз; көмірсулар, нақтырақ айтқанда жасұнық; С,Е, В2 (рибофлавин); минералдар (калий, бал, темір, магний, цинк) бар.

3. Асқабақпен тез арықтауға болады. Асқабақтың 94%-ы су. Бұл өте аз калория деген сөз, яғни 100 грамм асқабақта 20 ккал бар. Асқабақ жесеңіз ұзақ уақыт тоқ болып жүресіз.

4. Асқабақта антиоксидант көп. Антиоксиданттар —дене жасушаларын еркін радикалдардан қорғайды. Еркін радикалдар адамды тез қартаюға, созылмалы қабынуларға, жүрек-қан тамыр жүйесінің ауруларына, мидағы бұзылыстарға, рак ауруына ұшыратады. Асқабақтағы антиоксиданттар аталған аурулардың алдын алуға көмектеседі.

5. Асқабақ жүрек-қан тамыр жүйесін нығайтады. Асқабақтағы калий, С дәурмені, жасұнық пен антиоксиадниттар жүрек пен тамырлардың қалыпты жұмыс істеуіне көмектеседі.

6. Көздің көруін жақсартады. А дәрумені көздің жақсы көруін қамтамасыз ететін қоректік нәруыздары бар. Асқабақ лютеин мен зеаксантиннің қайнар көзі. Зерттеулер көрсеткендей, бұлар катаракта мен сары дақтың дегенерациясының алдын алады.

7. Теріні жақсартып, ерте қартаюдан сақтайды. Асқабақ құрамындағы бета-каротин адам организмін ультракүлгін сәулесінен сақтайды. Коллаген өндіретін С дәрумені жарақаттан кейін терінің тез қалпына келуін қамтамасыз етеді.

Қандай адамдарға асқабақ жеуге болмайды:


- егер сіз А дәрумені қабылдап жүрсеңіз, асқабақты жеуге асықпаңыз. Артық дәрумен бауырды бүлдіріп, бүйрекке зиянын тигізіп, остеопорозға алып келуі мүмкін.

- асқабақты жеген соң, өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, теріңізде қызыл дақтар пайда болса, қышынсаңыз, көкөністерге деген аллергияңыз бар болуы ықтимал.

- сіз егер құрамында лития бар дәрілерді ұзақ уақыттан бері ішіп жүрсеңіз, асқабақ дәрінің ағзаға сіңуіне кедергі келтіруі мүмкін.

- қант диабетімен ауырсаңыз асқабақты азырақ пайдаланыңыз, себебі ол қандағы қант мөлшерін көбейтіп жібереді.

Дереккөз : EL.kz.



Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Қ. Мусанова

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 912
Индекс 15534